

**ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОН**

# **Т Р И Б У Н А**

**Общественно-политическая газета**  
**Основана 12 сентября 1931 года**

Солнце: Восход 18.38  
Заход 6.59  
Долгота дня: 12.10

**23**  
**сентября**  
**2010**  
**№ 39 (8270)**

Луна: Восход - 18.38  
Заход - 6.59




# БІР ӨКІНІШ, БІР ҮМІТ

*Төтеп берем жауынның нәсәріне,  
Сұрағым көп өмірдің көсеміне.  
Бағыт берші, шабыт өмен өтінем,  
Көтсем дағы жалғанның жетегіне.*

Үлдеп жан-жақтан соққан желдің ызғарын-ай. Қыздың осы жолмен көле жатқанына біраз уақыт болды. Ол біресе жыламсырап, біресе қуанып қояды. Көкейіндегі арманына жетемін деген қыздың ойы тұңғыққа кетіп қалғандай. Күннің ыстығы мен суығына бет қаратпайтын табиғаттың күшіне де төтеп беріп келеді. Бұл күнделікті өмірі. Таң атысымен күйбең тіршілік қайтадан басталып, өткен қиындықтарын ұмыта лажсыз алға жылжи береді. Кейде жарнарындағы кірпік қақса мөлт ете түскен тамшы жастарын сығып-сығып алып, ілгері жүре береді. Сабақтан соң барып жатқан жері жайлы болса ғой сіре... Бірі бүйірінен түртіп, бірі ары-бері тартқылап, болмаса бар жұмысты мойнына асып кетіп қалатындары бар. Араға ай салып ауылына бара қалса жәутендеп алдынан шығатын іні-сіңлілеріне барымен базарлаптып керек дүниелерін ала барады. Артынан ерген бауырларының өзі секілді қиындық көрмеуін тілеп, іштей күрсінеді. Жолда кетіп бара жатқан эп-әдемі киініп алған жас бүлдіршін қыз баланы байқай қалса, өзінің балалық шағының қиыншылықпен өткендігін өкінішпен еске алады. Басынан не өтпеді дейсің. Сабаққа киер киім болмай тапқанын киіп барса, қалған балалар келекелеп «қараңдаршы, күртешесінің алды жабылмайды, анасының орамалын тағып алып, аяқ киімін қара өзіне үлкен» деп, - қолдарын шошайта қарайтын. Солардың мазағына қалам ба деп бірде-бір сабағын босқа жібермейтін. Өкініштісі, қатты қақаған аязда сабақтан көп қалып мұғалімнен ұрыс та естіп алатын. Аяздың бет қаратпайтын суығында әкесінің ескі тонын киіп, зауыттағы жүк тасымалдайтын ескі вагондардың ағаштарын пөшке жағу үшін үйіне тасиды. Кешкісін шамды айнала отырған балапандарының маңдайынан әкесі иіскелей сүйетін. Ертеңгі күні осы жағдай қайталанатын. Іштей қу дүние-ай, егер сен жетер болсаң, мен мұндай тірліктерге бармас едім деп қынжылады. Көшеде пісте сатып тәртіп сақшыларының қолына түсіп абыржыған сәттерін есіне алса күйіне береді. Жасы болса не бері 11-де. Теміржол вокзалына келген пойыздың жолаушыларына пісте сатып, көйде алдырып та, алданып та жатады. Сынпапстарын көрсе қаша жөнеліп, ертең сынып жетекшісіне айтып қоятын болды ғой деп жаны жай

таппай шыж-быж болатыны да бар. Бір бара қалса бар сабақты іле кететіні еш мүлтіксіз, мүдірмей айтып күнделігінің іші толған бестік бағасы. Әйтсе де сабақты көп жіберсе де Маржан секілді ешбірің жақсы оқи алмайсыңдар десе марқайып, үйіндегі анасына мақтана айтып баратын.



-Иә, осылай балалығы да өтіп кетті-ау! Ендігі жерде болашақта балаларына ондайды көрсетпеймін деп тырмысады. Өмір ғой өз жетегінен қалдырар емес. Көзін алып артқа қарағаны сол кішкентай сіңлісінің әпке сізді шақырады деген дауыс құлаққа жағымсыз естілді. Үйге қарай жүрген ол, анасының асығыс киініп жатқанын көріп, бір жамандық болғанын іші сезді. Анасының көзінен домалай аққан жастар оның жанын езіп барады. Естігенше әуре-сарсаңға салынып, сасқанынан не болды, не болды?,-деген сұрақты қайталай берді. Үйге бас көз бол, бауырларыңды аш қалдырма, өкеңе барам ауруханаға түсіп қалыпты, -деген хабарды естіп, біреу қойнына жылан салып жібергендей абдырап қала берді. Анасының киім-кешек жинағанына қарағанда жақсы емес екенін аңғарды. Тұрған бойында мелшиіп қалды. Сол кеткеннен анасы таң сазара ата бастаған уақытта келді. Жүгіре барып, есікті ашып анасын төсекке жетелей әкеп отырғызды. Әкесінің жақсарып, бетінің бері қарағанын ести сала, жүзі бал-бұл жайнап қуанғаннан көзінен жас шығып кеткенін, өзі де байқамай қалды. Осылайша бір өкініш те өтіп, үміт оты маздай жанды. Бұл да тағдыр сыны болатын.

**Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА,  
Шарбақты селосы.**